

Ж.М. САУРЫҚОВА¹, А.С. ҚҰРМАНБЕКОВА², Р.С. ЕЛУБАЕВА³

¹PhD, Шерхан Мұртаза ат. Халықаралық Тараз университеті

(Қазақстан, Тараз қ.), e-mail: saurykova72@mail.ru

²педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Шерхан Мұртаза ат. Халықаралық Тараз университеті

(Қазақстан, Тараз қ.), e-mail: kurmanbekova@mail.ru

³педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Шерхан Мұртаза ат. Халықаралық Тараз университеті

(Қазақстан, Тараз қ.), e-mail: ERS40@mail.ru

М.Ж. КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРДЫҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ

Аңдатпа. Мақалада бүгінгі қоғам сұранысы ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпеев секілді озық ойлы тұлғалардың Қазақстан жастарының рухани-адамгершілік, танымдық-ізгіліктік тұлғалық болмысын қалыптастырудағы маңызына тарихи-тәжірибелік, ғылыми-педагогикалық тұрғыдан зерттеулер жасап, талдап, заман талабына сай сұрыптап, өңдеп, түрлендіріп, жетілдіре отырып, кеңінен әрі жүйелі пайдалану қажеттігі баяндалады. М.Ж. Көпеев шығармашылығындағы педагогикалық идеяларды талдау арқылы әлемдегі жалпы адамзаттың дамуына үлес қосатын мүмкіндігіміз бен қазақи болмыстағы танымдық құндылықтарымызды айқындап, көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Шығыс халқының, оның ішінде, әсіресе, туған халқының тарихына, көне дәуірден қалыптасып, дамып келе жатқан мәдениетіне, рухани мұраларына аса қызығушылық көрсетіп, оған үлкен мән бергендігі, осының негізінде түйінделген педагогикалық тұжырымдарының берілу ерекшеліктері мен тарихи сабақтастық мәселесі зерделенеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің педагогикалық пікірлерінің де қазақ халқының ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтың ұстанған бағыттарымен ұласып жатқандығына тоқтала келіп, дүниетанымдық қалыптасуына ықпал жасаған түрлі жағдайларға тоқталып, тарихи кезең шындығы мен рухани дамуды ортақ талдайды. Оның мұраларындағы педагогикалық ой-пікірлерді өскелең ұрпақ бойында ұлттық тәрбие негіздерін қалыптастыруда, өскелең ұрпақты имандылыққа, білімділікке, қазақи болмыстағы сезімге баулуға негіз етудің аса маңыздылығын дәйектейді.

Мақаладағы ғылыми ой-пікірлерді тұжырымдап, негіздеуде талдау, жүйелеу мен герменевтикалық сипаттау әдістері қолданылды.

Кілт сөздер: ойшыл, идея, педагогикалық көзқарас, тарихи сабақтастық, имандылық.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Саурықова Ж.М., Құрманбекова А.С., Елубаева Р.С. М.Ж. Көпеев шығармашылығындағы педагогикалық көзқарастардың берілу ерекшеліктері және тарихи сабақтастығы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №3 (137). – Б. 78–90. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.235>

*Cite us correctly:

Saurykova Zh.M., Qurmanbekova A.S., Elubaeva R.S. M.Zh. Kopeev shygarmashylygyndagy pedagogikalyq kozqarastardyn berilu erekshelekteri zhane tarihi sabaqtastygy [Features of the Manifestation and Historical Continuity of Pedagogical Views in the Work of M.Zh. Kopeev] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №3 (137). – B. 78–90. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.235>

Мақаланың редакцияға түскен күні 08.01.2025 / қабылданған күні 30.09.2025

Zh.M.Saurykova¹, A.S. Kurmanbekova², R.S. Yelubaeva³¹PhD, International Taraz university named after Sh. Murtaza
(Kazakhstan, Taraz), e-mail: saurykova72@mail.ru²Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor
Taraz International University named after Sh. Murtaza
(Kazakhstan, Taraz), e-mail: kurmanbekova@mail.ru³Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor
International Taraz university named after Sh. Murtaza
(Kazakhstan, Taraz), e-mail: ERS40@mail.ru.

Features of the Manifestation and Historical Continuity of Pedagogical Views in the Work of M.Zh. Kopeev

Abstract. The article outlines the need for widespread and systematic use of modern intellectuals, such as Mashkhur Zhusip Kopeev, in the formation of a spiritual, moral, cognitive and humane personality of the youth of Kazakhstan, conducting historical, practical, scientific and pedagogical research, analyzing, sorting, processing, transforming and improving them in accordance with modern requirements. Analyzing the pedagogical ideas in the work of Mashkhur Zhusip Kopeev, we identify and demonstrate the cognitive values of Kazakh existence that contribute to the development of humanity as a whole in the world.

Mashkhur Zhusip Kopeev shows great interest and attaches great importance to the history of the Eastern people, including his native one, culture, spiritual heritage that has developed since ancient times, on the basis of which the features of the transmission of generalized pedagogical conclusions and the problem of historical continuity are studied.

Speaking of the fact that the pedagogical views of Mashkhur Zhusip Kopeev also intersect with the directions followed by the enlighteners of the Kazakh people Sh. Ualikhanov, I. Altynsarın, A. Kunanbayev, touching upon various situations that contributed to the formation of a worldview, analyze the reality of the historical period and spiritual development. Pedagogical considerations in his legacy emphasize the special importance of forming the foundations of national education in the younger generation, instilling morality, education, and a sense of Kazakh identity in the younger generation.

The methods of analysis, systematization and hermeneutical description were used in the formulation and substantiation of scientific considerations in the article.

Keywords: Kopeev, thinker, idea, pedagogical views, historical continuity, morality.

Ж.М. Саурыкова¹, А.С. Курманбекова², Р.С. Елубаева³¹PhD, Международный Таразский университет им. Шерхана Муртазы
(Казахстан, г. Тараз), e-mail: saurykova72@mail.ru²кандидат педагогических наук, доцент
Международный Таразский университет им. Шерхана Муртазы
(Казахстан, г. Тараз), e-mail: kurmanbekova@mail.ru³кандидат педагогических наук, доцент
Международный Таразский университет им. Шерхана Муртазы
(Казахстан, г. Тараз), e-mail: ERS40@mail.ru

Особенности проявления и историческая преемственность педагогических взглядов в творчестве М.Ж. Копеева

Аннотация. В статье излагается необходимость широкого и систематического использования современных интеллектуалов, таких как Машхур Жусуп Копеев, в

формировании духовно-нравственной, познавательно-гуманной личности молодежи Казахстана, проводя историко-практические, научно-педагогические исследования, анализируя, сортируя, обрабатывая, Преобразуя и совершенствуя их в соответствии с современными требованиями. Анализируя педагогические идеи в творчестве М.Ж. Копеева, мы выявляем и демонстрируем познавательные ценности казахского бытия, способствующие развитию человечества в целом в мире.

Мәшһүр Жусуп Копеев проявляет большой интерес и придает большое значение истории восточного народа, в том числе и родного, культуре, духовному наследию, сложившемуся с древнейших времен, на основе которых изучаются особенности передачи обобщенных педагогических выводов и проблема исторической преемственности.

Говоря о том, что педагогические взгляды Мәшһүр Жусупа Копеева также пересекаются с направлениями, которым следовали просветители казахского народа Ш. Уалиханов, И. Алтынсарин, А. Кунанбаев, затрагивая различные ситуации, способствовавшие формированию мировоззрения, анализируют реальность исторического периода и духовное развитие. Педагогические соображения в его наследии подчеркивают особую важность формирования у подрастающего поколения основ национального воспитания, привития подрастающему поколению нравственности, образованности, чувства казахской идентичности.

При формулировании и обосновании научных соображений в статье использовались методы анализа, систематизации и герменевтического описания.

Ключевые слова: мыслитель, идея, педагогические взгляды, историческая преемственность, нравственность.

Кіріспе

Жаңа Қазақстан қоғамында болашақ ұрпақты ұлттық тәрбиемен қаруландырудың, адамгершілік негізде тәрбиелеудің жаңаша сипаты қалыптасуда. Мемлекеттік саясаттың негізіне Қазақстанды бәсекеге қабілетті адамдық капиталы бар мемлекетке айналдыру саналып отыр.

Қазақстан Республикасының әлемдік білім кеңістігіне ену барысындағы басты мақсаты ұлттық болмыспен бару және қазақ халқының ұрпақ тәрбиесінде өзіндік орнын анықтап беру, бұған қоса адамзат ұрпағын өмір мектебіне баулудағы адами қасиеттерді қалыптастырудың озық дәстүрлерін ұсынуда мүмкіндігінше көшбасшылар қатарына ену болып отырғаны белгілі. Осы бағытта ғаламдық және ұлттық тәрбие талаптарының ықпалдастық бірлігі негізінде ұйымдастырылуы – заман талабы. Ал, оның іргесін ең алдымен ата-бабалар салып кеткен тәлім-тәрбиелік сара жолдарын зерделеп, жаңғыртудан бастау керек.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев өзінің ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Жаңа Қазақстан дегеніміз – ең алдымен, құндылықтардың жаңаруы. Сондай-ақ, қоғамдағы қарым-қатынас мәдениетінің өзгеруі» [1], - дей келіп, өткенге әділ баға берілмей тұрып, жарқын болашақты қалыптастыру мүмкін еместігін терең түсінуімізді ашық айтқан болатын.

Осы орайда, Қазақстан жастарының рухани-адамгершілік, танымдық-ізгіліктік тұлғалық болмысын қалыптастыруда қазақ халқы тарихындағы ғасырлар бойы өмір сүзгісінен өткізген өмір тәжірибесіндегі бала тәрбиесі жөніндегі тәлім-тәрбиелік мұраларды тарихи-тәжірибелік, ғылыми-педагогикалық тұрғыдан зерттеулер жасап, талдап, оларды қазіргі заман талабына сай сұрыптап, өңдеп, түрлендіріп, жетілдіре отырып, кеңінен әрі жүйелі пайдалану қажет. Мемлекетіміздің құрылымдық жүйесіндегі өткеннің тәлімдік мұраларын бүгінгі жастар тәрбиесімен сабақтастыра отырып, өмірлік тәжірибеде үйлесімді іске асыру арқылы өскелең ұрпақтың бітім-болмыстық дүниесін қалыптастыру мен дамыту,

қазақ ұлтының тәлім-тәрбиелік құнды мұраларын білім беру мен тәрбиелеудің өзегі етуді басшылыққа алатын қағидалық ұстанымды үнемі қаперде ұстау – басты міндеттердің бірі.

Осындай рухани міндеттердің бірі ретінде өз кезеңіндегі зиялы қауымның өкілі, ақын-фольклоршы, тарихшы, діншіл-философ Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің педагогикалық идеяларының өзіндік ерекшеліктері мен тарихи сабақтастығын атауға болады.

М.Ж.Көпеевтің ақындық, ойшылдық қырлары зерделенгенімен, педагогикалық ой-пікірлерін бүгінгі күнмен тарихи сабақтастықта қарау қажеттілігінің маңызы артуда.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Өз уақытының ғұламалары атанған тұлғалар шығармашылығы, педагогикалық идеяларының маңыздылығы туралы көптеген белгілі қазақстандық педагог-ғалымдар өз мақалаларын арнап, өткен ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік жағдайлар және жас ұрпаққа білім беру мен оқыту, тәрбиелеу жұмыстарының бағыттарын, оған үлес қосқан қазақтың жеке тұлғаларының еңбектерінің мұралық мазмұндарын, тәжірибелік тарихи-педагогикалық тұрғыдан қыр-сырларын жан-жақты талдап, қарастыра отырып, ғылыми-педагогикалық тұрғыда айналымға түсірген болатын.

Мәселен, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің педагогикалық-психологиялық ой-пікірлеріне алғашқылардың бірі болып зерттеп, баға беріп, пікір айтқан белгілі ғалым, педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б. Жарықбаев болды. Бірақ, М.Ж. Көпеевтің бала оқыту және ұрпақ тәрбиелеуге қатысты еңбектерінің төңірегінде бір ғана педагогика ғылымына қатысты кандидаттық диссертация (Асенова Н.С. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің педагогикалық идеялары) қорғалғандығы анық.

Аталған мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің педагогикалық көзқарастары жалпы талданып қана қоймай, берілу ерекшеліктері мен тарихи сабақтастық тұрғысынан пайымдалады. Ойшыл мұрасына кешенді түрде келуді қарастырып, тұлға болмысының дүниетанымы мен педагогикалық көзқарастарын анықтап, жастарды оқыту мен тәрбиелеудегі шығармашылық еңбектері мазмұнының құрылымдық жүйесіне талдаулар жасай келе, жастарды тәрбиелеудің жолдары, түрлері жайлы айтылған озық ойлы пікірлерінде орын алған ізгіліктік негіздегі рухани-құндылықтарын халыққа танытуға тырысамыз.

Ойшылдың педагогикалық тұжырымдарының рухани сабақтастығын ғылыми дәйектеуде аталған ғалымдардың еңбектерімен қатар, тарихи-әдеби материалдар, жалпы әдебиеттану ғылымының соңғы жылдардағы зерттеу еңбектері негізге алынды. Және, мақалада талдау, ғылыми жинақтау, пайымдау әдістері пайдаланылды.

Талдау мен нәтижелер

Мемлекеттік жүйе мен қоғамдық құрылымның өсіп, өркендеп, жетілуіне ықпал етуші алғы күштердің бірі – жеке тұлғалардың озық ойлы пікірлері болса, ал оны жүзеге асырудың құралдары оқу-ағарту мен білім беру саласы және жастарды тәрбиелеу бағытындағы жүргізілген жұмыстар болып табылады. Дегенмен озық ойлы пікірлер де өз дамуында мемлекеттік құрылымның өтпелілік даму кезеңдеріне және оның ішкі заңдылықтарымен тығыз байланысты болмақ.

Философиялық диалектиканың заңдылығына сәйкес адам ойының түрленіп, дамып, сатыланып, жетіліп отыруы – дәлелдеуді қажет етпейтін қағида. Бүгінгі жастарымызды ұлттық рухта тәрбиелеуге негіз болатын өткен ғасырлардағы жеке тұлғалардың өмірбаяны мен шығармашылығы кеңінен зерттеліп, олардың тәлім-тәрбиелік озық ойлы пікірлерін бүгінгі өмір тәжірибесіне енгізілуі маңызды. Бұл күнде қазақ халқынан шыққан тарихи тұлғалар мен батырлардың, ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің тұлғалық бейнесін сомдап, рухани тамырына көз жіберер болсақ, өткенімізбен сабақтастыруға негіз бар. Қазақ халқының дара тұлға азаматтарының бейнесін жас ұрпаққа үлгі етерде даралықтың тамыры

тереңге бойлап, ізгілік пен батырлықтан, имандылық пен руханилықтан нәр алып, сапалық қасиеттерімен асқақтай түсетінін байқаймыз.

Қазақтың біртуар азаматы, өз заманында халқының сый-құрметіне бөленген білімпаз, дана, әдебиетші, діндар, философиялық жеке ой-түйіндері бар ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен шығармашылық еңбектерінің мазмұндық құрылымындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері мен идеяларын жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеп, қарау – уақыт пен заман талабынан туындап отырғандығы анық.

Ойшыл, ғұлама, ағартушы ақынның өмірлік ұстанымы турашылдық, тура айту болды. Ақты қара, қараны ақ демегені үшін ел билеушілеріне жақпағандығы да белгілі. Шындықты айту, жазу арқылы өз заманында тартқан азабы да аз емес-тін. Бұл туралы төмендегі өлең жолдарында ақын-ағартушы:

Туысқа тура жолды айтамын деп,

Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай [2, 17-б.], - деп ашық айтады.

Мәшһүр Жүсіп қазақ ақындарының ішінде алдыңғылардың қатарында болып, Ресей орталығында өтіп жатқан саяси оқиғаларға көңіл аударып, оларға баға берген. Бұл турасында, ғалым Ә. Қоңыратбаевтың өзі «Мәшһүр Жүсіп XX ғасырдың басындағы ақындардың өте-мөте көрнектісі, саяси тәртіпті одан батыл сынаған ақын жоқ екендігін ерекше атаған болатын» [3].

Мәшһүр Жүсіп халықтың басына түскен зорлық-зомбылық пен қиянатты ерекше шынайылықпен былай суреттейді:

Сөйлесе жұрт пайдасын білген ерлер,

Хакімдер атып тастар көзін жойып.

Қалайша Россияның әділдігі,

Мүшелер, терімізді малша сойып [2, 49-б.].

Өз зерттеулерімізде М.Ж. Көпеев діни ілімдерді заманына сай талдап, мазмұнын ашу арқылы, жастарды тәрбиелеуде қолдану мәселелерін өмір тәжірибесіне пайдаланғанын анық көреміз. Тек дүмше молдалардың, яғни діни ілімнің мазмұндық жүйесіне толық ене алмайтын, шала сауатты молдалардың іс-әрекеттерін сынға алған. Сондай-ақ, мұсылман дінінің қазақтардағы болмысы олардың ата-баба және халықтық салт-санамен үйлескендігі, әрі біте қайнасқандығын ескере отырып, салт-дәстүрдің озығы мен тозығын аңғара біліп, тек бұны мұсылмандық діни таныммен шатастыруға болмайтындығы жайында айтылғандығын көпшілік зерттеушілер жете мән беріп қарамағандығы байқалады. Мәшһүр Жүсіптің ескі наным-сенімге қарсы болуының себебі, оның діни ілімді терең игеріп, оған ғылыми көзқарас тұрғысынан қарай білуінде деп түсінеміз. Ол білімді, озық ойлы адам, парасатты ой иесі ретінде елді Алла, әділдік жолын ұстануға үгіттейтін молдалардың, дін басылардың ішінде сауатсыз, діни ілімнің мазмұнын аша білмейтіндіктерін әшкерелеу арқылы оларға наразылығын ашық айтқан. Мәселен, төмендегі өлең жолдарында:

Молдалар пайдалы іске уағыздамай,

Керексіз ұсақ сөзбен бақылдасқан [2, 60-б.], – деп жазғандығынан айқын көре аламыз.

Осылайша, ағартушының иман, молда, қожа сияқты дінді ұстанушы көшбасшыларының жаман мінез-құлық, іс-әрекет, тірліктерін қатты сынға алуына ең алдымен оның жәдидшілдік көзқараста болуы, яғни, ғылым мен білімнің көзі ретінде исламға бой ұрып, оны жаңаша тұрғыда серпілтуге ұмтылуы, екіншіден, ол ислам дінін уағыздаушы дін өкілдерін халықты имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейтін көзі ашық топ деп қарастырып, оған қоғамның рухани жүгін арқалайтын зиялылық биіктен көрінуі қажет деген талабы да болатын.

Ағартушы осындай имансымақтардың кесірінен иманның рухани құлдырауға түскеніне күйінеді. Дін шапанын жамылып жүрген алаяқтардың алдауына түскен халыққа жаны ашиды. Мәшһүр Жүсіп дін иелерінің пайдакүнем, арамза, арсыз іс-әрекеттерін аяусыз

әшкерелейді. Дін бұзар, дүмше дін иелерінің ашкөздігі мен дүниеқорлығы, тілемсектігі мен тыйымсыздығын батыл айыптайды. Дін арқылы елді тонауға, мал табуға ұмтылған надан молдалардың арам пиғылдарын жайып салады. Қоғамның дамуы да, құлдырауы да оларға тікелей байланысты деп есептеді.

Ресейлік патша өкіметінің ұстанған отарлау саясатына қарсы көзқарасын тек бір жақты оқу-ағарту саласында ғана білдірген жоқ, оның әлеуметтік-экономикалық жақтарында да жан-жақты ашып, тұжырымдап айта білді. Сондай-ақ, ол қазақ елін өз жеріне өзі қожа, өз алдына ел болып, мемлекет болуы, егемендікке ие болуының бастапқы шарттарын түсіндіруге ұмтылды.

Мәшһүр Жүсіп осыдан кейін халықты рухани тәуелсіздікке жетелейтін жолдардың бірі – тек білім-ғылымды меңгеру екендігіне сенді. Рухани тәуелсіздік жолында тұрған қиындықтардың бірқатарын ашып көрсетуге тырысты.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев Шығыс халқының, оның ішінде, әсіресе, туған халқының тарихына, көне дәуірден қалыптасып, дамып келе жатқан мәдениетіне, рухани мұраларына аса қызығушылық көрсетіп, оған үлкен мән берді. Ағартушының бар арманы өз халқының мәдениетін жаңа деңгейге көтеріп, жалпыадамзаттық мәдениетпен теңестіріп, оның құрамды бөлігі ретінде көрсету еді. Бұның басты себептерінің бірі – сол кездегі патша үкіметінің, халықтың ана тілінің, мәдениетінің, тарихының еркін дамуына мүмкіндік бермеу саясаты болатын. Ондағы мақсат халықтың тарихи санасын өсіру еді.

Ойшыл ақынның жалпы және педагогикалық дүниетанымы Қазақстан тарихында орын алған өзгерістер кезеңінде қалыптасты. Ағартушының гуманистік идеясының басты парадигмасы – дәуірдегі Адам мен Адамзаттың мән-мақсаты және оның жақсы өмір сүруі. Оның шығармашылығындағы адамдар арасындағы әділеттілік негізінде құрылған адамгершілік қарым-қатынастар идеясын және қоғамдағы әлеуметтік, әділеттілік пен демократияны орнықтыруды, ол оқыту мен тәрбиені дұрыс жолға қою арқылы жүзеге асыруға болатындығын дәлелдеуге тырысты.

Ол адамзат қоғамының ілгері дамуының объективті қажеттілігі ретінде жастардың білімділігі мен адамгершілік тәрбиесін атап көрсетті. Қоғамды дағдарыстан шығару, бұрынғы жойылған мұраттардың орнына жаңа мақсаттарды іздестіруді тәрбиенің алдындағы тұрған басты міндеттердің бірі ретінде күн тәртібіне қойды. Осыдан кейінгі орынға жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселесін шығарды.

Олардың алдыңғы зиялы топтан артықшылығы – тығырыққа тірелген өмірді түсініп қана қоймай, оны өзгертуге ұмтылды. «Қазақ» газеті (редакторы А. Байтұрсынов) мен «Айқап» журналының (редакторы М. Сералин) айналасына топталған қазақ зиялылары халық тарихы мен қазақ әдеби тілінің, ұлттық мәдениеттің дамуы, қазақтың көшпелі экономикасының жаңаруы үшін күресті. Олар ислам дініне қазақтардың ерекше ықыласын мойындады, бірақ жаңаша оқу жүйесінде дін ықпалын шектеуге тырысты [4, 74-б.].

«Ол өз ауылына келген соң көп уақытқа дейін ұстаздық етеді. Балаларға тек дін сабағын үйретіп қоймай, оларды халықтың ауыз әдебиетіне, музыкасына, қолөнеріне де бейім тұратындай етіп, жан-жақты тәрбиелейді. Балалардың әр нәрсеге зер сала білуін, ойлана сөйлеп, байыпты да тындырымды болуын дамылсыз қадағалайды. Мәшһүр өз шәкірттеріне қандай тәрбие берді, оларды қалай оқытты? Бұл жайында жазған ой-толғаныстарын ақынның «Ғылым-білім» деп аталатын еңбегінен табуға болатынын аңғардық [5].

Қазақтың біртума азаматы, ақын, діндар, ағартушы-педагог Мәшһүр Жүсіп жоғарыда аталған ірі қалаларға барып, діни-пәлсапалық ілімдерін жетілдіріп отырған. Сол қалаларда білім алып, ислам дінін қазақ халқына түсіндіру, насихаттау бағытында қызмет істеген қайраткерлердің бірі болған. Ағартушы-педагог, ақын, діндар тұлға – өз өмірінде Орта Азия

елдеріндегі үлкен медреселерде білімін жетілдіру, сол елдердің салт-дәстүрімен жете танысу мақсатында бірнеше рет барғандығы жөнінде төмендегі өлең шумақтарында баяндайды:

Бұл Мәшһүр Бұхар барған, Қокан барған
Өз ойы барсам дейді одан арман
Жасымнан ғылым іздеп кеткен басым,
Жерімде жүрген-тұрған сөзім қалған [2, 114-б.].

Бір ескеретін мәселе, діни-ағартушы ақындардың шығармаларын кеңес үкіметі тұсындағы зерттеушілер мен саяси биліктегілер панисламист, пантүркішіл ағымды жақтағандар «кертартпа» деген баға беріп отырған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен дүниетанымына ықпал жасаған түрлі жағдайлар барысын анықтау мен оған ақиқаттық тұрғыдан қарап баға беруде біз XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі уақыт аралығын ұластыра қарастырдық. Қарастырып отырған кезеңдер Қазақстанға ресейлік патшаның отарлық саясатын жүргізіп, қазақтарды ұлттық болмысынан және қалыптасқан дәстүрлі діни нанымынан айыру мен руханилық құндылықтарын жою арқылы орыстық дүниетанымды сіңіру кезеңі еді. Бұл кезеңде патшалық Ресей Қазақстанды өз отарына айналдырып, экономикалық, әлеуметтік және саяси дербестігінен айырып, шикізат өндіретін аймаққа айналдырған кез еді. Халық бұқарасы езгінің астында қалды. Бұл халықтың табиғи болмысы мен тыныс-тіршілігінде де қайғылы іздерін қалдырып, әлеуметтік өміріне үлкен нұқсанын келтірді. Бұл айтылғанның барлығы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің жан дүниесін қатты тербелістерге салды деуге болады.

Ғұламаны тебіrentкен маңызды мәселенің бірі – халықтың әлеуметтік жағдайы болатын. Оның түсінігіндегі әрбір адамның «бай» немесе «кедей» болуы құдайдан емес, әрбір адамның іс-әрекеті мен өмірдегі тіршілік қарекетіне байланысты екендігін баса айтады. Қазақтың ата-бабалық дәстүріндегі мал шаруашылығының халық үшін берері көп екендігіне мән берген. Әрине, қазақтардың басқа да кәсіптерді меңгергенін, білімді болғанына да шын ниеттегі ойларын ғалым түрлі еңбектерінде айтып өтеді. Басқа кәсіпке бейімі жоқ немесе оның ыңғайын таба алмайтындар үшін ата-баба кәсібінің орны бөлек екендігін негіздей айтады. Себебі, ата-баба кәсібі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүр болғандықтан, оның қыр-сырын қазақтан басқа ешкім жете және анық біле алмастығын түсіндіреді. Себебі, әлеуметтік жағдайын көтермекші болып қалада жұмыс істеп, тұрудың және оның сол кездегі қазақи болмысқа қанша кері әсерін тигізіп жатқандығын тілге тиек ете отырып, бай болам деген адамдар әр нәрсенің көзін таба білу керек екендігін айтады да, қазақтағы бай адамдарды үлгі етіп айтады. Ол үшін жалқаулық пен қамсыздықтан бойды алшақ ұстап, әр нәрсенің көзін тауып, кәсіппен айналысса ғана адамның әлеуметтік жағдайы көтерілетінін айтады.

М.Ж. Көпеев білім тек еркектерге ғана емес, әйелдерге де керек деп санады. Сонымен бірге, ол әйелдер қоғамда болып жатқан өзгерістерден бейхабар, сыртқы өмірден оқшауландырылғандықтан, әйелдерге білімнің қажеттілігін баса көрсетті. «Егер ақылға салып ойласаң, әйелдерге ғылым өте қажет» - деп жазды М.Ж. Көпеев. Өйткені, бар тірлік соның мойнында және жас ұрпаққа алғашқы тәрбие беру де – соның қолында. Бұған қоса, ақын әйел отбасына онша көңіл бөлмейтін, кәсіппен қаңғып жүретін күйеуіне де әсер ете алады», - деген әйелдердің білім алуы туралы, жас ұрпақты тәрбиелеудегі әйелдің рөлі туралы пікірлері, қазақтың некелесу салт-дәстүрлерін сынауы, бұлардың барлығы да сөзсіз ғұлама шығармашылығындағы озық ойлар негізінде, оның өмірге деген көзқарасы мен дүниетанымының өзіндік орны бар екендігін білдіреді. Және бұндағы көзқарастары мен дүниетанымы исламдық діни талаптардың мазмұндарымен үйлесіп жатқандығын аңғаруға болады.

Тұлға шығармашылығындағы тағылымдық ой-пікірлеріндегі тарихилық, қағидалық ұстаным арқылы талдар болсақ, М.Ж. Көпеев шығармашылығы XIX ғасырдың екінші

жартысы мен XX ғасырдың 30-жылдары аралығында қалыптасу және даму кезеңдерін қамтиды. Оның шығармаларында осы тарихи кезеңдердің барлық мәдени-рухани, әлеуметтік-саяси құбылыстары мен оқиғалары баяндалады.

Халықтық дүниетаным бойынша қағидалық ұстаным ретінде педагог-ағартушы халықтан шыққан тұлғалардың бойындағы адами қасиеттерін дәріптеудегі ұлтқа тән ерекшелік пен олардың халық үшін жасаған ерлік істерін, белсенді қызметін үлгі-өнеге етуді, т.б. атап айтып, көптеген мысалдар келтіруге болады.

Ғалым еңбектерін жазу барысында сабақтастық қағидалық ұстанымды өз шығармаларының негізгі идеясы мен тақырыбы етті. Және өзіне дейінгі дала ойшылдары мен ғұламалардың, ағартушылар мен қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың идеялармен үндес, әрі сабақтас деп айтуымызға негіз бар.

Педагог-ағартушының шығармашылық еңбектеріндегі тәлім-тәрбиелік идеяларды шынайылықты басшылыққа ұстау қағидалық ұстанымы бойынша талдар болсақ, туындыларының басты өзегі өмір шындығы болып табылады.

Сонымен бірге, оның ағартушылық қызметі мен шығармашылық тұлғасының қалыптасуына XIX ғасырдың екінші жартысындағы озық ойлы пікірдегі көзқарастардың ықпал еткені анық. Мәшһүр Жүсіп Көпеев Абайдың салған ақындық және ағартушылық жолын ұстана отырып, соның соқпағымен ілгері басқандардың бірі болды.

Зерттеуіміздің нәтижесі біздерге ағартушы тұлғасының XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезі және кеңестік үкіметтің орнауындағы алғашқы дүрбелең уақыттардағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени бағыттағы тарихи мәселелерді басшылыққа ала отырып, Мәшһүр Жүсіптің жеке тұлғалық болмысына тікелей ықпалы болған қазақ тұлғалары жөніндегі мәліметтерді толыққанды талдап, зерделеуге мүмкіндік берді. Бұл жеке тұлғаның дүниетанымы мен Қазақстандағы қоғамдағы қатынастың даму көрінісі мен деңгейінің бейнесі екенін көрсетті. Мәшһүр Жүсіп кім дегенде, сол кездегі қазақ қоғамы қандай дәрежеде және ол өзінің болмысына сай не істеуі керек еді немесе не істеуге мәжбүр болды деген мәселелер қатар жүретінін байқадық.

Мәшһүр Жүсіп жаман мінез-қылықтар мен дағдылардан арылып, жақсы өмірге жету жолында білім мен ғылымды игеріп, мақсатты іс-әрекет ету керектігін меңзейді. Ол былай дейді:

Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырып қалмай үйде қыңырайып.
Жүргеннен тіпті қарап пайдалырақ,
Бір әріп (харып) сөз үйренсең, кітап жайып.
Тамшыдан тама берсе, дария болар,
Кетпей ме ақырында бір молайыш?! [6, 57-б.].

Мәшһүр Жүсіптің сан-салалы шығармашылығының бағыт-бағдарына – туған халқын білім мен ғылым үйренуге, сауат ашуға, ғаламның тылсым сырларын білуге, кәсіп меңгеруге шақыру тән.

Парыз дүр және қылмақ халал кәсіп,
Ғылым - парыз: сен оқы, болса нәсіп.
Бұл екеуі баршадан артық деп біл,
Сұраумен, сұранудан жүргің қашып [6, 31-б.].

Ақын «ғылым мен білімді игеру, адал еңбек ету адамның болмыс-бітімін көркейтіп, оның рухани және материалдық күш-қайратын арттырады» деп санады.

«Білгеннің жүрген жері – бәрі жарық, Жоламас кем-кетіктік оған айып. Бұларды айту – бізден, ұстау – сізден, Ыңғайлы, үлгі аларлық тұрсаң лайық» [2, 166-б.], - деп санаған ағартушы адамды биікке көтеріп, асқар шыңға жеткізетін – білім-ғылым, өнер деп білді: «Ғылым үйреніп, білгіш болуды талап қыл. Неге десен, ғылым - пайғамбарлардан қалған

мұра. Яғни, пайғамбарлардың бұрынғы өткен заңдарының, жақсыларының қылып өткен өнері». Оның пікірінше өнерден, білім-ғылымнан мақұрым болған адамның тіршілігі өзіне-өзі жамандық жасағанмен тең:

Көңіліңіз болса, ескер адамдықты (адамлықты),
Асылы, қыла көрме харамдықты.
Біреуі бұл жетінің – ғылым оқу,
Тастаныз енді ойдан надандықты! [2,58-б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпеев ғылым игеріп, білімді болудың негізі – талаптылық, талмай ізденушілік деп санап, әр нәрсенің жаратылысын тануға мүмкіндік беріп, оны саналы түрде тұнық оймен тануға мүмкіндік беретінін баса айтады. Білім беру мен оқытудың мақсатын, мазмұнын және оның шарттарын анықтауға, оқыту үдерісінің барысында қағидалық ұстанымдар жиынтығын ашуға және жастарды өздігінен білім алуға итермелейтін, түрткі болатын себептерге аударды. Ағартушы-педагогтың ой-пікірлерінде жастардың танымдық іс-әрекетінде өзіндік белсенділікті оятатын, білім алуға итермелейтін әлеуметтік түрткілердің орны ерекше. Айтылған сөздің дәлелі ретінде мынадай өлең жолдарын мысалға келтірейік:

«Қалады әркім мазақ ғылымы жоқтан,
Надандар адасуда білімі жоқтан.
Шаруаның берекесі кірмейді екен,
Мекен-жай, қоныс қылар орны жоқтан» [2, 18-б.] – деген.

Бұл жерде ол білімсіз адамның қадірсіз болатынын, кей кезде тіпті мазаққа түсетінін, істеген шаруасының берекесі болмайтынын айтады.

Ағартушы балаларды жалқаулықтан арылып, білмекке ұмтылса дейді:
Балалар, жалқау болмай оқы сабақ,
Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ.
Айырылса оқу оқып, білгенінен,
Біз оны деп айтамыз «арамтамақ!» [7, 3-б.].

Ақын, ағартушы-педагог оқу мен ғылым үйрену қажеттігі туралы ой қорытындыларын өлеңде ғана өрнектеп қойған жоқ, қара сөзбен де жазып қалдырады. Ойшыл-ғалымның түсінігінше білімсіз, өнерсіз, ғылымсыз адам – қараңғылық пен надандықтың қара түнегінде қалған, адами қасиетті жете түсінбеген, өзін сыйламаған, рухани жарымжан адам. Ғылым – адам жанына түндіктен түскен Күн мен Ай іспетті нұр құятындығын айта келіп, ойын былай қорытындылайды: «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым-білімге сарп қылсын. Ғылым-білімге сарп қылған пенденің жаны тіріліп, сыйлы болады. Ғылым-білімге сарп қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады» [8, 28-б.].

Мәшһүр Жүсіп көзқарасында надандық пен қараңғылықтың тұтқынындағы адам – тірі өлік. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің бұл ой-пікірлерінен, оның жас ұрпақты оқуға ынталандыратын ішкі, сыртқы түрткілерді қалыптастыруға үлкен мән бергенін байқадық. Баланың оқу оқып, білім алуына, дүниенің шындығын ғылым арқылы тану қажеттілігіне жәрдем беретін адамдар – біріншіден, жас ерекшелігі мен баланың өзіндік талпынысы, екіншіден – дәммолда-ұстаз (молда), үшінші және төртіншісі – ол баланың ата-анасы мен жақын туыстары, яғни, әсер етуші сыртқы ықпалдар – қоршаған ортасы деп айтады. Бұл бүгінгі күндегі оқу-тәрбие үдерісінің заңдылықтарының басты, балаға ықпал етуші күштер және олардың өзара қайталанып отыратын байланыстары екені белгілі. Ағартушы-педагогтың көзқарастарынан біздер оның кейбір заңдылықтарды қарастырғанын байқадық. Ол оқыту мен оқу іс-әрекетіндегі білімді игеру үдерісінің сапасын анықтайтын, ішкі, сыртқы ықпал етуші факторлардың бірлікте болуы жөніндегі заңдылықтардың ескерілу қажеттілігіне көңіл аударды:

Баланы оқуға бер жас басынан,

Алланың құр қалдырмай олжасынан.

Жұғуы бұл ғылымның, молда, бала, ата-ана,

Төртеуінің бірдей болған ықыласынан [2, 24-б.].

Педагогикалық құбылыстағы оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігі білім алушы – шәкірттің өз іс-әрекеті мен оған жасалатын педагогикалық ықпал арасындағы үйлесімділікке бағытталған ұстанымдық-қағиданы ескеруді қажет ететіні бала тәрбиесімен айналысатын ғылымдардың ұстанатын басты заңдылықтардың бірі.

Баланың жастық шағында қоршаған ортаны танудағы қабылдау мүмкіндігінің жоғары болатындығы, яғни, танымдық өрістің қарқынды жүретін кезеңі екендігін ескеру – оның болашақтағы тұлғалық болмысының жетік дамуы мен толыққанды жеке адам болып қалыптасуындағы бастапқы кезеңге мән беру керектігі айтылады. Баланың бастапқы танымдық әрекетін оқу арқылы дұрыс ұйымдастыру және оның бұдан кейінгі дамуы үшін маңызын аша отырып, Мәшһүр Жүсіп Көпеев баланың қабілеттерінің дамуы мен білімді меңгерудегі кемшіліктеріне, оның өмірінің алғашқы айлары мен жылдарында жол бермеу керектігіне мән берді, баланың келешектегі жеке тұлға болуындағы тәрбиесінің толық, саналы ой иесі болып қалыптасуы осы кезеңнен бастау алатынын көрсетеді. Қазақтың салт-дәстүрінде, әдеп-ғұрпында, өмірлік жүріп өткен тарихында және ұлттың болмысында жылқы малының орны ерекше екендігін ескере отырып, бала өмірінің кейбір кезеңдерін қазақ табиғатына жақын мысалдармен түсіндіре білген. Мәселен, «Белгілі ат болары құлын жастан» деп, ақын қазақтың «баланы жастан...» деген белгілі дана сөзіне қосылады. Ағартушы-педагогтың: «Болмаған құлын-тайдан болсын қайдан?!», – деген сөздерінде адамның тұлғалық дамуы оқу мен тәрбиенің сипатына тура тәуелді дейтін педагогика және психология ғылымдарының заңдылықтарымен үйлескен ой-түйіндеулерін жасаған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің педагогикалық жүйедегі ой толғамдары – оның жеке өмірлік тәжірибесі мен бала оқытудағы мұғалімдік қызметінің жемістері. Әрине, қазіргі педагогика және психология ғылымындағы анықталған заңдылықтар мен ұстанымдық-қағидалар ғылыми айналымдағы ұғымдық-атаулармен айтылмағанымен де, негізгі ой-тұжырымдарының үйлесімді екендігі анық байқалады. Бірақ, ағартушы-педагог шығармаларының мазмұнында орын алған тәлім-тәрбиелік мұраларының озық ойлы пікірлер болғандығына ешкімнің күмән келтіре алмасы анық және бүгінгі педагогика және психология ғылымының заңдылықтарына сәйкес келеді. Оның озық ойлы ой қорытындыларының жүйесі мен бағыттық мақсаты - өнерді, білім мен ғылымды қадір тұтқан жеке тұлғаны қалыптастыру.

Өртүрлі қылып пікір, ойла-сана,

Ғылым, білім іздесең болдың дана [2, 21-б.] – деген ағартушы-педагогтың пікірінше, адам әрқашанда ғылым мен білім іздену нәтижесінде даналыққа қол жеткізеді, сондықтан іс-әрекет жасап, оң-солын танып, көп ізденуге талап қылуы керек.

Ағартушы-педагог ғылым меңгеру арқылы ғана өзінің кім екендігін танып, тұлғалық қасиеттерді мейлінше дамытып, кемел адам деңгейіне көтеруге болатынын меңзейді. Ол өзіндік ұстанымы бар, еркін, озық пікірлі, жеке адам ғана өзінің ойындағысы мен дегенін іске асыра алатын тұлға болып, жеке көзқарасын қалыптастыра алатынын түсінді. Бұл негізден келгенде, жеке адам өз өмірінің мақсатын да жете түсінуі мен оның бағытын анықтаудың қажеттілігі маңызды екендігін сөз етеді. Педагогикалық негіздегі ойларының психологиялық ғылым негіздерімен де ұштасып жатқандығын байқауға болады. Мәселен, жеке тұлғаның қалыптасып, дамуындағы бұл жете түсіну, оның ойынша, адамның ақылын, ерік-сезімін қалыптастырады, оның барлық күші мен шығармашылық қабілеттерін бір тұтастыққа жинап, алған білімді тиімді пайдалану мүмкіндігін ашады, оны саналы жасампаз, қоғамның толық озық ойлы мүшесі, өз отанының, туған елінің, жерінің азаматы етеді. Білім берудің қоғамдық, әлеуметтік қызметінің рөлі мен маңыздылығына қарамастан, оның негізгі

мәні – Мәшһүр Жүсіптің сенімі бойынша адам болмысын тәрбиелеуде. Оның ойынша білім беруде басты міндет – адамды қоғамның толыққанды мүшесі ететін рухани игілік деңгейге көтеру. Сондықтан, ағартушы-педагог жастарды білім мен ғылымды игеріп, өнер мен кәсіп меңгеруге ғана емес, білім, өнер, ғылыммен қатар, әдепті, өнегелі, көрегенді, ізетті болып өсуге шақырады.

Қазіргі таңдағы қоғам мен әлеуметтік ортаны ойландырып отырған үлкен мәселелердің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Өскелең ұрпақтың болашғы үшін ой толғау – ол тарихтан келе жатқан және бүгінгі қазақи сал-дәстүрлерді сақтай отырып келешек дамуда ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен дамыту. Бүгінгі жастарға ұлттық тәлім-тәрбиені мүмкіндігінше қазіргі заманмен үйлесімді әрі тиімді жағдайында беруіміз қажет. Осыған орай, халқымыздың мұраларын, ғалымдарымыздың педагогикалық ой-пікірлерін жинақтап, құндылықтарды зерттеп, оларды білім мен тәрбие беру үдерістерінде оңтайлы қолданып, тәжірибеге қолдануымыз тиімді пайдасын берері анық. Жастарымызды ұлттық сезімге, білімге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу үшін өткен тарихымызға бойлап қарап, ұлтымыздың қамын жеген және халықтың болашағы үшін ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән берген зиялы қауым өкілдерінің педагогикалық ақыл-ойын, пікірлерін, тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, олардың ұрпаққа деген өсиеттерін жетілдіріп пайдалануымыз керек.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің пайымдауында білімді игере отырып, адам өз болмысын жетілдіреді және танымдық дүниесінде руханилық құндылықтарды негізгі іргетасын қалайды және оны дамытуға үлкен мүмкіндік алады деп негіз деген. Алған білімдері негізінде қоғамдық құрылымдағы жағдайда адамдар әлеуметтік ортамен өз қарым-қатынастарын реттеуге, бақылау, байқау, тәжірибе жинау мен ой қорыту нәтижесіне оның жеке тұлға болып қалыптасуындағы ақыл-ой түсініктерінің дамып, жетілуі мүмкіндік беретінін айтады. Ғалым, педагог-ағартушы «білім – ақылдың көзін ашады» деп түсіне отырып, сондықтан да оның үнемі жадына арқау етіп отырған:

Адам таңдап бәрінен ақылды алған,
Ақылды тұрған жеріне иман барған.
Сол иманның артынан ұят еріп,
Үшеуі бір араға орнатылған.
Дария ғылым екен аққан судай,
Жарасқан айдын көлге қонған құдай.
Кімде-кім ғылым күткен қор болмайды,
Көтерген машхар күні жасыл тудай [7, 3-б.].

Ақын-педагогтің болашақ туралы айтқан болжамдары шындыққа айналуға. Келешектен күтеріміз көп. Дегенмен, ел ертеңіне саналатын жастарымызды рухани азықтандырып, қаруландыруда М.Ж. Көпеевтей тұлғалар шығармашылығын негізге алудың берері мол. Бұл тұрғыда, «Айтылар сөздің мәйегі терең астарлы болып келетін ой-байламдардың нақтылығы, келтірілген дерек көздердің нанымдылығымен ерекшеленетін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектері әсіресе, ұлттық сипатының басымдығымен және тарихилығымен құнды» [9, 90-б.] деген пікірді келтіруімізге болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының білім алуын, қазақ тілі мен мәдениетін қорғауды және дамытуды белсенді қолдады. Ол Абай Құнанбайұлының ізбасары болды және оның білім, мәдениет және халықтың дамуы қажеттілігі туралы идеяларымен бөлісті. Ақынның шығармашылығы жарқын ұлттық әсемдігімен, терең патриотизмімен және туған халқына деген сүйіспеншілігімен ерекшеленеді [10].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, М.Ж. Көпеев – шын мәнінде туған халқының мақтаныш етер ұлдарының бірі. Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде білімнің әлеуметтік және тұлғалық мәнін

жеткізуде, оның қоғамдық, тарихи және мәдени өмірдің жалпы контексімен байланыста мақсаты мен міндеттерін анықтауға ұмтылысы өзіне назар аудартады. Оның шығармаларындағы адам мәселесі біртіндеп әлеуметтік педагогикаға айналды. Ағартушы-педагог қазақ қоғамын түбегейлі өзгерту керек деп есептеген. Өзінің ағартушылық-танымдық философиясына сәйкес ол әлеуметтік жаңару тек білім арқылы ғана мүмкін екендігін атап өткен. Қоғамның рухани жетілуі мен дамуының басым бағыттық жолын ол – халыққа білім беру ісін жетілдіру мен дамытудан көрді.

М.Ж. Көпеевтің сол кездегі ислам дінін қазақ халқын болашақта біріктіруші негізгі күш есебінде тануы, ғұламаның соны идеясы болып табылады.

Ұлттық болмыстың ерекшелігінде сана-сезімін жетілдіру, ұлттық қадір-қасиетін дәріптеу арқылы жастарды тәрбиелеу мәселесі ғасырлар бойы ұлттың жүріп өткен өмірлік тәжірибесінің озық үлгілері мен жеке тұлғалардың тәлім-тәрбиелік мұралары және олардың дүниетанымдық болмысы мен жеке көзқарастары тұрғысындағы құнды ой-пікірлерінің аясында жасалған ұлттық рухани мәдениетті дәріптеу және оған оң бағасын беру – қайсыбір ұрпақтың болмасын парызы болмақ. Сондықтан да, М.Ж.Көпеевті осы ұлттық рухани мәдениетке аса жіті қарап, ерекше назар аударған дара тұлға, ғұлама ойшыл, діншіл-философ, педагог-ағартушы ретінде тани отырып, оның дүниетанымдық болмысы мен жеке көзқарастық пайымдаулары бүгінгі жастардың тәрбиесіне және замандастарымыздың таным түсінігінде ерекше орын алатын қазақтың асыл азаматы деп бағалауымыз қажет.

Қазіргі уақытта Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылық мұрасы Қазақстан әдебиеті мен қоғамында лайықты орын алады. Еңбектері 20 томдықта жарық көріп, олардың кейбіреулері ағылшын тіліне аударылды. Әр уақытта ойшылдың түпнұсқа шығармалары әдеби хрестоматияларға, қазақ поэзиясының оқулықтары мен жинақтарына енген. Оның терең зерттеулері мен болжамдары оқырмандарды қазақ рухани тұлғасының өшпес мұрасына қайта-қайта жүгінуге мәжбүр етеді. Оның тәлім-тәрбиелік мұраларындағы озық ой-пікірлеріне зер салу бүгінгі күндегі ұрпақ тәрбиесіндегі қажеттіліктен туындап отырған мәселе екендігі негізделіп түседі. Осы тұрғыда, М.Ж. Көпеев шығармашылығындағы адамгершілік, имандылық, әділеттілік, білімділік, ақылдылық және жан туралы мәселесіндегі тәлім-тәрбиелік озық ойларын жүйелеу және оларды ұрпақ тәрбиесі үшін атқарылатын жұмыстарда пайдалануға қажеттілігі туындауда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ulattyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (қаралған күні 06.01.2025)
2. Көпеев М.Ж. 10 томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Павлодар: Kurulus Ertis Buildings, 2023. – 274 б.
3. Қоңыратбаев Ә. М.Ж. Көпеев лирикасы // Қазақ әдебиеті. – 1959. – 19 июнь.
4. Мәшһүр-Жүсіп Қ. Дін және Мәшһүр-Жүсіп [Электронды ресурс]. URL: <https://abai.kz/post/2855> (қаралған күні 06.01.2025)
5. Көпейұлы М.К. Кәф пен нон. [Электронды ресурс]. URL: <https://bilim-all.kz/olen/6546-Kaf-pen-non> (қаралған күні 06.01.2025)
6. Көпейұлы М.Ж. Жетпіс бап. – Павлодар: Kurulus Ertis Buildings, 2021. – 312 б.
7. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы жайлы ой-пікірлер. [Электронды ресурс]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/mashur-zusip-sygarmasylygy-zaily-oi-pikirler__21447 (қаралған күні 08.12.2024)

8. ҚР ҰҒА Ғылыми кітапханасы, сирек кездесетін қолжазбалар қоры, 7 бума. Пәлсапалық негізі // «Мәшһүр Жүсіп оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2001. – Б. 58–124.
9. Исаева Ж.И., Тасполатов Б.Т., Нишанбаева Ю.А. М.Ж. Көпейұлы шығармашылық мұрасындағы лингвомәдени бірліктердің ұлттық сипаты // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1(127). – Б. 87–96. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.07>
10. Перден Ұ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әдеби мұраларындағы ұлттық құндылық. [Электронды ресурс]. URL: // <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/dasturli-din/mashhur-jusip-kopeiuly-adebi-muralaryndagy-ulttyq-qundylyq-925> (қаралған күні 20.12.2025)

REFERENCES

1. Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyн Ulttyq quryltaydyn «Adal adam – Adal enbek – Adal tabys» atty ushinshi otyrysynda soilegen sozi [Speech of the head of State Kassym-Jomart Tokayev at the third meeting of the National kurultai]. [Electronic resource]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-qasym-zhomart-tokaevtyн-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soilegen-sozi-1525727> (date of access 06.01.2025) [in Kazakh]
2. Kopeev M.Zh. 10 tomlyq shygarmalar zhinagy. T. 1 [Collection of works in 10 volumes. T. 1]. – Pavlodar: Kurulus Ertis Bulldings, 2023. – 274 b. [in Kazakh]
3. Qonyratbaev A. M.Zh. Kopeev lirikasy [Lyrics by M.Zh. Kopeev] // Qazaq adebieti. – 1959. – 19 iun. [in Kazakh]
4. Mashhur-Zhusip Q. Din zhane Mashhur-Zhusip [Religion and Mashhur-Jusip]. [Electronic resource]. URL: <https://abai.kz/post/2855> (date of access 06.01.2025) [in Kazakh]
5. Kopeiuly M.K. Kaf pen non [Kaf and non]. [Electronic resource]. URL: <https://bilim-all.kz/olen/6546-Kaf-pen-non> (date of access 06.01.2025) [in Kazakh]
6. Kopeiuly M.Zh. Zhetpis bap [Article seventy]. – Pavlodar: Kurulus Ertis Bulldings, 2021. – 312 b. [in Kazakh]
7. Mashhur Zhusip shygarmashylygy zhaily oi-pikirler [Thoughts about the work of mashhur Zhusup]. [Electronic resource]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/mashur-zusip-sygarmasylygy-zaily-oi-pikirler__21447 (date of access 08.12.2024) [in Kazakh]
8. QR UGA Gylymi kitaphanasy, sirek kezdesetin qolzhazbalar qory, 7 бума. Palsapalyq negizi [Scientific Library of the NAS RK, fund of rare manuscripts, 7 packs. The basis of philosophy] // «Mashhur Zhusip oqulary» Halyqaralyq gylymi-tazhiribelik konferencianyn materialdary. – Pavlodar: S.Toraigyrov atyndagy PMU, 2001. – Б. 58–124. [in Kazakh]
9. Isaeva Zh.I., Taspolatov B.T., Nishanbaeva Ju.A. M.Zh. Kopeiuly shygarmashylyq murasyndagy lingvomadeni birlikterdin ulttyq sipaty [National character of linguocultural units in the creative heritage of M. zh.Kopeevich] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2023. – №1(127). – Б. 87–96. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.07> [in Kazakh]
10. Perden U. Mashhur Zhusip Kopeiuly adebi muralaryndagy ulttyq qundylyq [National value in the literary heritage of mashkhur Zhusip Kopeevich]. [Electronic resource]. URL: // <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/dasturli-din/mashhur-jusip-kopeiuly-adebi-muralaryndagy-ulttyq-qundylyq-925> (date of access 20.12.2025) [in Kazakh]